

Жаңажол газ өңдеу зауытын кеңейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 мамыр N 348 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Жаңажол газ өңдеу зауытының техникалық жағдайын жақсарту және қуатын өсіру есебінен Ақтөбе облысының Жаңажол кен орнында мұнай және газ өндіруді арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі 1993-1995 жылдары Жаңажол газ өңдеу зауытындағы қуаты жылына 3 млн. тонна мұнай өндіретін мұнай дайындау және газ өңдеу жөніндегі үшінші технологиялық желіні жобалауды, салуды және іске қосуды қамтамасыз етсін.

2. Объектінің іске қосылу мерзімін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің бас жобалаушы ретінде Канаданың "СНС-Лавалин Интернэшнл" фирмасын қатыстыру туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

3. Жобаны қаржыландыру тиісті кепілдік міндеттемелерін ресімдеп және құрылыс аяқталған соң, кейіннен кредитті жоба отырып шетел банкілерінің мақсатты кредиті есебінен жүзеге асырылсын.

4. "Ақтөбемұнай" өндірістік бірлестігі объектіні жобалау және салу жөніндегі тапсырыс беруші болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі Жаңажол газ өңдеу зауытындағы үшінші технологиялық желіні салуға қажетті кредит алуды қамтамасыз етсін.

Жабдық берушілер мен құрылыс ұйымдарын таңдау конкурстық негізде а й қ ы н д а л с ы н .

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі мұнайды экспортқа жөнелтудің баланстарында бастапқы аванстық жарналарды, алынған кредиттер үшін проценттерді сақтандыру компанияларына комиссиялық жобаны аяқтағанға дейін төлеуге арналған ресурстардың қажетті көлемін қарастыратын болсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы "

Ақтөбемұнай" өндірістік бірлестігінің тапсыруы бойынша Жаңажол газ өңдеу зауытындағы мұнай дайындау жөніндегі үшінші технологиялық желінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізуге арналған машиналарды, жабдықтарды, приборларды, конструкцияларды және басқа бұйымдарды шетел фирмаларының Қазақстан Республикасына баж салығынсыз әкелуін және әкетуін ресімдейтін б о л с ы н .

8. Жаңажол газ өңдеу зауытының үшінші технологиялық желісін жобалаудың , салудың және пайдалануға қосудың жүзеге асырылуын бақылау " Қазақстанмұнайгаз" Ұлттық компаниясына жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК